

ХАТТАМА №1

Қатысқандар саны: 5

Қатыспағандар саны: жок

Күн тәртібінде:

1. Өткен 2022-2023 оқу жылындағы жоспардың орындалуына сараптамалық талдау жасау. (жоспарға сай орындалмай қалған жұмыстар мен жіберілген кемшіліктердің тізбесін анықтау).
2. Бірлестік жетекшісі мен хатшысын сайлау
3. 2023-2024 оқу жылының Әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру:оқу ісі меңгерушісі: С.Ахмедова. 2023-2024 оқу жылына сағат жүктемесін бөлу.
4. Күнтізбелік жоспарларды талқылау, бекіту. 2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспары, 2022-2023оқу жылындағы жоспарға сай орындалмай қалған жұмыстар мен жіберілген кемшіліктерді ескере отырып (ендіру) әзірлеу, бекіту.
5. 2023-2024 оқу жылында атқарылатын бірлестік жұмыстарын жоспарлау
6. Жаңартылған бағдарлама бойынша жоспар жасауды талқылау

ӘБ жетекшісі :Ш.Давлатова

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі сөз алды. Н.С.Асетова өз сөзінде былтырғы оқу жылында атқарылған жұмыстарға талдау жасап өтті. Атап айтар болсақ, былтырғы оқу жылының басында жылдық жоспар жасалынып, сол жоспар бойынша іс-шаралар дер кезінде атқарылып отырды. Әр пән мұғалімдерінің сағат жүктемелері бекітіп берілді. Сол жүктеме бойынша жыл бойы сабақтар өтілді. Қосымша сыныптан тыс жұмыстар атқарылып, факультатив сабақтар жүргізілді. Бірлестіктің негізгі міндеті оқушылардың білім, біліктілігін жақсарту, бір-бірімізден іс-тәжірибе алмасу, оқыту әдістерін байыту, шығармашылық жұмыспен айналысу. Мектепішілік олимпиада ұйымдастырылып, оқ бойы озық шыққан оқушылар аймақтық олимпиадаларға қатыстырылып, жүлделі орындарға ие болды. Бір кемшін тұсымыз облыстық пән олимпиадасынан оқушыларымыз жүлделі орындарға ие бола алмады. Бұл әрине қынжылтарлық жағдай. Бірлестігіміздің мұғалімдері дарынды және мотивациясы төмен оқушыларды анықтап, олармен жасалатын жұмыстың жоспарын жасап, олармен дайындық жұмысын жүргізіп келеді. Оқушылар 100 пайыз оқулықпен қамтылған. Ұстаздарымыз сабақтарында жаңа технология элементтерін пайдаланып, оқушыларды сыни тұрғыда ойлауға машықтандырып келеді. Пән мұғалімдері арнайы компьютерлік курстардан өтіп, техникалық сауаттылықтарын арттырған. Онкүндіктер ұйымдастырылып, нәтижелері талқыланып отырылды. Алынған бақылау, тест және зертханалық жұмыстардың нәтижелері шығарылып, әкімшілік тарапынан бақыланып отырылды. Қашықтық сабақтар дер кезінде өткізіліп, бжб, тжб жұмыстары уақтылы алынды.
2. Жаңа оқу жылына бірлестіктегі мұғалімдер биология пәні мұғалімі Ш Давлатованы бірлестік жетекшісі етіп, хатшысы зертханашы О.Ахатовты сайлады
3. Үшінші мәселе бойынша оқу ісі меңгерушісі С.Ахмедова өз сөзінде осы жылғы әдістемелік нұсқаулықпен таныстырып өтті.Қазақстан Республикасы оқу ағарту министрінің 12.08.2022ж 365 бұйрық бойынша 5-9-сыныптар қазақ өзбек бөлімі, 10-11-сыныптар қазақ бөлімі 30.09.2022ж 412 бұйрық 39-қосымша. 10-11-сыныптар өзбек

бөлімі 412 бұйрық 42-қосымша бойынша жұмыс жүргізілуін түсіндіріп өтті. Күн тәртібінде бірлестіктегі мұғалімдердің биылғы жылға арналған сағат жүктемелері мен күнтізбелік жоспарлары талқыланды

Асетова.Н.С- 14 сағат

Асетова.Н.М 16 сағат

Давлатова.Ш-16 сағат

4. Төртінші мәселе бойынша 2022-2023 оқу жылының жұмыс жоспары бекітіліп, 2022-2023оқу жылындағы жоспарға сай орындалмай қалған жұмыстар мен жіберілген кемшіліктерді ескере отырып бекітілді. Химия биология бірлестік жетекшісі Н.С.Асетова, хатшысы Ш.Давлатова сайланды.
5. Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша бірлестіктегі мұғалімдердің биылғы жылға арналған атқарылатын жұмыс жоспарлары талқыланды.
6. Алтыншы мәселе бойынша бірлестіктегі мұғалімдер жаңартылған бағдарлама бойынша жоспаржасауды талқылады

Пән мұғалімдері өздеріне берілген сабақтардың жылдық жоспарын түзіп,бекітілсін. Бірлестік мүшелерінің лауазымдық міндеттері бөлініп берілді.

Қаулы:

- 1.2022-2023 оқу жылындағы химия,биология пән бірлестігінің атқарылған жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын.
- 2.2022-2023 оқу жылының жұмыс жоспары талданып, орындалмай қалған жұмыстар қайта қаралып, биылғы жоспарға енгізілсін және орындалуы қатаң түрде бақылауға алынсын.
- 3.2023-2024 оқу жылының мақсат міндеттерін нақтыланып, жылдық жоспар мен мұғалімдердің сағат жүктемелері бекітілсін.
4. Бірлестік мүшелерінің лауазымдық міндеттері бөлініп, бекітілсін. Берілген тапсырмалар дер кезінде орындалып, жауапкершілікті дұрыс сезіну қолға алынсын.

Бірлестік жетекшісі:  Ш Давлатова

Хатшы:  О.Ахатов